

"Бекітемін"



«Дарын» дарынды балалар мен жасөспірімдерді анықтау және қолдау орталығының директоры  
Ж.Бейсенбаева  
2023ж.

"Келісілді"



ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры  
Ғ.Тұрсынов  
2023ж.

**7-8 сынып оқушылары арасында географиядан Ұлттық Олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу Ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже 7-8 сынып оқушылары арасында география пәні бойынша Ұлттық олимпиаданың (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметтерді қамтамасыз етуді, қатысушылардың, жеңімпаздар мен жүлдегерлердің санын анықтауды, өткізу тәртібі мен форматын айқындайды.

**1.2 Олимпиаданың мақсаты:**

Географиялық білімнің, дағдылардың және географиялық зерттеулерге белсенділігінің сапасына назар аудара отырып, оқушылардың пәнді тереңдетіп оқуға деген қызығушылығын арттыру.

**1.3 Олимпиаданың міндеттері:**

- географияны табиғат пен қоғамның дамуындағы кеңістіктік заңдылықтарды зерттейтін ғылым ретінде дәріптеу;
- дарынды және талантты әр оқушының өзін-өзі жетілдіруі мақсатында географиялық зерттеулерге белсенді қызығушылықты ынталандыру;
- өңірлік, ұлттық және халықаралық ауқымдағы озық білім беру технологияларының платформасы ретінде география пәні бойынша Ұлттық олимпиаданың беделі мен мәртебесін арттыру.
- мектептің географиялық олимпиадалық қозғалысы үшін платформа құру;
- елдің «Тұрақты даму тұжырымдамасының» мақсаттарына жетуде географияның кең мүмкіндіктерін қамту және ашу
- үздік әлемдік білім беру тәжірибелері арқылы олимпиадаларға қатысушылардың әлеуетін арттыру ;

**2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

2.1. Жалпы білім беру мекемелерінің 7-8 сынып оқушыларына арналған Олимпиаданың республикалық кезеңіне облыстық (қалалық) кезеңінің жеңімпаздары қатысады.

2.2. Олимпиада 3 кезеңнен тұрады:

1. Аудандық кезең;
2. Облыстық (қалалық) кезең;
3. Республикалық кезең.

2.3. Қорытынды (республикалық) кезең 2 - турдан тұрады.

## 1. Теориялық тур

## 2. Практикалық тур

### 2.4 Олимпиада тапсырмалары

Олимпиаданың тапсырмалары география бойынша жетекші халықаралық олимпиадаларды терең және жан-жақты талдау, сондай-ақ халықаралық өлшемдер (PISA, TIMSS) тапсырмалары негізінде әрі Қазақстан Республикасындағы орта білім берудің жаңартылған мазмұнының және бенчмаркингтің (бағалау) қағидаттары мен талаптарын ескере отырып әзірленеді.

Қатысушылар өздерінің білімі мен дағдыларын нақты кеңістіктік ауқымда қолдану қабілетін көрсетуі қажет. Мәнмәтіндер визуалдауды және деректерді өңдеуді қажет ететін карталар, суреттер мен графиктер және т.б. арқылы ұсынылуы мүмкін.

Қарастырылған тапсырмалар: жазбаша, мультимедиялық және далалық тапсырмалар (кеңсе жағдайында да) болады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалады.

Әр кезеңнің тапсырмалары ұсынылған форматтардан жинақталады.

#### 2.4.1 жазбаша тапсырма

Жазбаша тапсырма географиялық және әлеуметтік маңызы бар, өзекті және қолданбалы географиялық білім мен географиялық дағдыларды талап ететін, сондай-ақ физикалық және қоғамдық географияға байланысты мәселелерге қатысты 6 тақырыптан тұрады.

Әр тақырып бойынша карталар, фотосуреттер, графиктер, статистика сияқты бірнеше ресурстық материалдар ұсынылады.

Әр тақырып қысқа жауаптан абзацтың ұзындығына дейінгі ресурстық материалдарға негізделген бірнеше сұрақтардан тұратын, матрицаны немесе кестені толтыруды және деректерді басқаруды қамтуы мүмкін (мысалы, кестеден графикалық пішінге дейін)

National Geographic Qazaqstan журналының материалдарына негізделген сұрақтар міндетті болып табылады.

#### 2.4.2 мультимедиялық тапсырма

Мультимедиялық тапсырма географиялық ойлаудың негізгі дағдыларын қажет ететін сұрақтардан тұрады, онда қатысушылар карталардағы, диаграммалардағы немесе фотосуреттердегі ақпаратты талдайды. Сонымен, мультимедиялық тапсырма қатысушылардың географиялық фактілерді анықтау қабілетін тексеруге емес, олардың географиялық талдау саласындағы дағдыларын тексеруге арналған.

#### Мультимедиялық тест құрамы:

- географиялық және әлеуметтік маңызы бар, өзекті және қолданбалы географиялық білім мен географиялық дағдыларды талап ететін, сондай-ақ физикалық және қоғамдық географияға қатысты мәселелер туралы 40 материал;

- әр элемент картадан және / немесе сандық фотосуреттен, графиктен немесе диаграммадан, профильден және қысқа сұрақтан тұрады.

#### 2.4.3 Далалық тапсырмалар

Дала жұмысы мыналардан тұрады:

- бақылау және картографиялау;

- қосымша деректер жинауды қоса алғанда, далалық жұмыстарды қолданумен кеңістіктік проблеманы талдау;

- әзірленген жоспарды немесе картаны қоса бере отырып, проблемаларды шешу бойынша ұсыныстар енгізеді.

2.5 Олимпиаданың аудандық кезеңі офлайн форматта, қазан айының екінші он күндігінде өтеді.

2.6 Облыстық(қалалық) кезеңі офлайн форматта, ағымдағы жылдың қазан айының үшінші он күндігінде өтеді.

2.7. Олимпиаданың қорытынды республикалық кезеңі ағымдағы оқу жылының сәуір айында офлайн форматта өтеді. Республикалық кезеңге облыстық (қалалық) кезеңінің жеңімпаздары (әр облыстан 4 оқушы: 7-сыныптан 2 оқушы, 8-сыныптан 2 оқушы) қатысады.

### **3. Олимпиаданы ұйымдастырушы және қазылар алқасы**

3.1. Олимпиаданың ұйымдастырушылары: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы және «National Geographic Qazaqstan» журналының редакциясы.

3.2. Ұйымдастырушылар өз құзыреті шегінде:

- олимпиаданы өткізу мерзімін, тәртібін, өтілетін орнын белгілейді;
- қазылар алқасының құрамын жасақтайды;
- қатысушылар санын, жеңімпаздар мен жүлдегерлер тізімін бекітеді.

3.3. Қазылар алқасының құрамына халықаралық жаттықтырушылар, мектептер мен жоғары оқу орындарының жетекші оқытушылары кіреді.

3.4. Қазылар алқасы қатысушылардың Олимпиада жұмыстарын тексереді және бағалайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

### **4. Олимпиада қорытындысы**

4.1. Қорытынды кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II және III дәрежелі дипломдармен және грамоталарымен марапатталады.